

Жүг шикізатын экспорттау және импорттау

Дайндаған: Насиров Руслан
Қабылдаған: Гүлзат Ғабитовна



Жоспар:

I Кіріспе

II Негізгі бөлім

2.1 Жүн шикізаты танысу олардың
түрлері

III Қорытынды



Мал шаруашылығы



Мал шаруашылығы — ауыл шаруашылығының мал өнімдерін өндіру үшін мал өсірумен айналысатын саласы. Мал шаруашылығы халықты азық-түлікпен (сүт, май, ет, т.б.) жеңіл және тамақ өнеркәсіптерін шикізатпен (жүн, тері, ет өнімдері қалдықтары, т.б.) ауыл шаруашылығы өндірісін күшкөлік (ат, өгіз, түйе, т.б.) және тыңайтқышпен қамтамасыз етеді.



Қойдың адамға тигізер пайдасы өте көп. Қойды жылына 2 рет қырқып, жүнін алады. Күзде қырыққан жүнді күзем, көктемде қырыққан жүнді жабағы деп атайды. Күземнен үйге төселетін текемет жасайды, қойдың жүнін бояп, бетіне ою-өрнек салады және киіз үйдің сүйегін жабатын киіз басады. Жабағы жүнді әжелеріміз түтіп, ұршықпен иіріп, жіп алып, одан кеудеше, қолғап, шұлық тоқиды







Жүн– қой, ешкі, түйе және т.б. жануарлардың түгі, жеңіл өнеркәсіптің құнды шикізаты. Жүн талшықтары жылуды аз өткізеді, ылғал тартқыш және берік болады.

Ол жіп иіру, мата тоқу, киіз басу, әр түрлі тоқыма бұйымдар жасау үшін пайдаланылады. Қой, ешкі және түйе Жүні құнды шикізат болып есептеледі. Дүние

жүзінде қой Жүні көп өндіріледі. **Қой**

Жүні талшықтарының жуан-жіңішкелігіне, құрылымына қарай бөлінеді. **Жүн** құрамындағы қылшықтардың ара қатынасы қой тұқымына байланысты әр түрлі болады. Сондықтан қой Жүні биязы, биязылау, ұяң, жартылай қылшық және қылшық **Жүн** деп бөлінеді.





1


2


3

4




. Биязы Жүн талшығының жіңішкелігі 14,2 – 25 мкм, ұзындығы мен ирегі біркелкі болады. Түсі ақ, шайыры мол. Бұл Жүнінен жоғары сапалы мата тоқылады.





Биязылау **Жүн** біркелкі ірілеу **Жүн** мен аралық қылшықтан тұрады. Талшығының жіңішкелігі 25,1 – 35 мкм. Мұндай Жүннен трикотаж, жоғары сапалы шұға тоқылады.



Қылқантәріздес қысқа жүн талшықтарықойдың басы мен аяқтарында өседі. Олардың әрдайым жақсы жетілген өзегі болады, ортаңғы қабат бір-біріне тығыз түрде жабыса біткен клеткалардың қалың қабатынан тұрады. Қылқан тәріздес қысқа жүннің ұзындығы 1-2,5 см-ден аспайды, сондықтан да ол тоқыма маталар дайындауға мүлдем жарамсыз.

Қылшық- ирегі аз, толқынданып, көбінесе түзу, тік өсетін, түбітке қарағанда жуан ірі, беріктігі мен серпімділігі нашар жүн талшығы. Қылшық әр уақытта үш қабаттан - қабыршақты, ортаңғы қабаты және өзектен тұрады; өзегі жақсы жетілген. Ұзындығы жағынан қылшық түбіттен әрдайым артық түседі. Жүн талшықтарының жіңішкелігі микронмен (миллиметрдің мыңнан бір бөлігімен) өлшенеді. Қылшықтың жіңішкелігі 40-тан 150 микронға дейін жетіп, тіпті одан да жоғары болады.

Қылшық жүнді қойдың жүні азды-көпті мөлшерде қылшықтан тұрады. Технологиялық қасиеті жағынан қылшық түбіттен әлдеқайда төмен бағаланады.

Қылшық жүн төменгі сапалы маталар тоқуға және киіз басуға жұмсалады.

Қылшықтың кейбір жуан түрлерін «құрғақ», «өлі» қылшық деп атайды.

«Құрғақ» қылшық тек қана қылшық жүнді қойларда кездеседі. Жаңбыр мен қардың әсерінен кейбір кездері қылшықты жүннің жоғарғы жартысындағы шайыры шайылып, жуылып кетеді. Шайыры кеткен қылшықтың сыртқы әсерлері төзімталдығы нашарлап, күн мен желдің әсерінен кеуіп құрғайды. «Құрғақ» қылшық қарапайым, жәй қылшыққа қарағанда тез сынғыш, жылтырлығы солғын, беріктігі босаңдау болып келеді.




Ұяң Жүн құрамында Жүннен басқа аралық және майда қылшықтар болады. Ұяң Жүннен кілем тоқылады. .
Қылшық Жүннің құрамында қылшық, әсіресе, өлі қылшық көп болады. Мұндай Жүн [киіз](#), киіз [аяқ киім](#), т.б. жасауға пайдаланылады. Жүннің барлық түрінің сапасы малдың тұқымына, оны дұрыс азықтандыруға, бағып-күтуге байланысты.

Аралық талшық сапасы жағынан, яғни жуандығы, иректілігі және жұмсақтығына қарай қылшық мен түбіттің аралығынан орын алған, бойында қылдың да, түбіттің де белгілері бар жүн талшығы. Ол түбіттен жуан және ұзын қылшықтан жіңішке, қысқа, ирегiнiң саны түбіттен кем, қылшықтан артық келеді.

Гистологиялық құрылысы жағынан сипаттайтын болсақ, аралық талшығының жіңішке келген өзегі болады, бұл өзек көбінесе буылтық үзілмелі келеді; кейбір кездері өзек болмайды, мұндай жағдайда ол ірілеу келген түбітке ұқсастығы бар.

Шикізаттық сапасы жағынан аралық қылшық түбітке көбірек жақындайды. Ағылшынның линкольн, бордер-лейстер, ромни-марш тұқымдас қойларының жүні тек қана аралық талшықтан тұрады.

Түбіт. Түбіт жүннің ең құнды құрамды бөлігі. Бұл қой жүнінің ең жіңішке талшығы болып есептеледі, оның жуандығы 10-нан 30 микрон аралығында болады; ұзындығы 5-15 см. Түбітте еш уақытта өзек болмайды. Эпидермис жасушаларының черепица тәріздес болып орналасуына байланысты түбіттің сырты микроскоппен қарағанда тегіс болмай, бұжырланып, кетікше болып келеді. Осы ерекшелігіне қарай, түбіт басқа жүн талшықтарына қарағанда бір-бірімен жымдаса жақсы байланысады, сондықтан ол жүннен түрлі бұйым, мата жасап шығаратын өндірісте жоғары бағаланады.



Тері өңдеу сатысы



❧ **Биязы жүнді қойлар өте сапалы жүн береді**, ол жүн маталарын жасау, кілем тоқу мен тері-былғары өнеркәсібінде қолданылады. Алдыңғы Азия, Орта Азия және Оңтүстік Африка елдерінде қаракөл елтірісін дайындау жолға қойылған. Дүниежүзіндегі қойы ең көп ел — Аустралия (130 млн астам), одан кейін Қытай (112 млн-нан астам). Ал Қазақстандағы қойдың саны 2008 жылы 16 млн-нан сәл ғана асты. Жүн өндіруден жетекші елдер қатарына Аустралия, Қытай, Жаңа Зеландия, Уругвай және Ресей жатады.

❧ **Қой шаруашылығының дүниежүзіндегі аса ірі аймағы** — Аустралияның шөлейтті аудандары. Қойдың басым көпшілігі жеке иелерге немесе компанияларға қарайтын ірі қой шаруашылығында өсіріледі. Ондай шаруашылықтар "шипстейшнз" деп аталады. "Шипстейшнз" ондаған, кейде тіпті жүздеген мың гектарды алып жатады. Оның ең үлкенінің ауданы 2 мың км²-ден асады. Мұнда бір мезгілдегі қой басы 10—20, тіпті 50—100 мыңға дейін жетеді. Қой бүкіл жыл бойы табиғи жайылымдарда жайылып бағылады. Көбінесе жоғары сапалы жүн беретін биязы жүнді қой тұқымы — Аустралия мериносы өсіріледі. Гоулберне қаласында осы қойға "Үлкен Меринос" деп аталатын ескерткіш орнатылған.

Жүннен жасалатын бұйымдар:

Арқандар: ат арқан, белдеу арқан, жел арқан, желі арқан, қом арқан, қосарқан, матау арқан, сүйретпе арқан, тарту арқан.

Жіптер: Бас жіп, бауыр жіп, бұғалық жіп, жан жіп, керме жіп, күрде жіп, ноқта жіп, өре жіп, тең жіп.

Киіз үй жабдықтары: ақ басқұр, ала басқұр, бас бау, босаға, дөдеге, кереге бау, таңғыш, түндік бау, уық бау, үзік бау.

Киім кешектер: жабағы күпі, жадағай шапан, жү қолғап, жүн шолық, түйе жүн далғабай, түйе жүн кеудеше, шепен, шидем шекпен.


Мал әбдездері: айыл, асмадық, бұйда, жел бұйда, жүген, арқан, құр айыл, ноқта, түйе ноқта, шылбыр.

Төсеніштер: алаша, бөстек, кілем.

Шаруашылық бұйымдар: дорба, қанар, қап.

Қолөнер – халық өмірімен, тұрмысымен бірге келе жатқан өнер.

Шеберлердің қолымен шыққан қолөнер туындылары, халықтың өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен, табиғатпен, эстетикалық талғамдармен байланысты болған. Қазақ қолөнеріне пайдаланған негізгі шикізаттың бірі – жүн.





Төрт түлік малдың жүні қазақ халқының өмір тіршілігіне үлкен рөл атқарған және оны ұқсатуды ел бұдан мыңдаған жылдар бұрын білген. Жүннен арқан-жіп, киім-кешек, қазақ үйдің киізін, әр түрлі төсеніштер, қап, шекпен, аяққап, басқұр сияқты ең қажетті мүліктер жасалған.

Қазақ халқының шаруашылығында мал жүнінің ең көп қолданылатыны түйе және қой жүндері, ешкі түбіті.

Киіз үйдің даму тарихында киіз басауды ойлап табудың маңызы аса зор болады. Киіз басу өндірісі өзінің өсу шегіне орта ғасырдан бұрын жеткен. Қазақ халқының киізге деген мұқтажы әр уақытта орасан зор болған, ол тек үйді жабу үшін ғана пайдаланып қоймай, киіз үйдің ішкі жасауларына да қолданылады. Көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс жағдайында мал шаруашылығы өнімдерін өңдеумен байланысты оның ішінде жүннен алуан түрлі бұйымдар жасау белгілі бір өнерлілікті, шеберлікті қажет етті.







www.dreyzubenko.ru



www.dreyzubenko.ru



www.dreyzubenko.ru



Жүг шикізатын экспорттау және импорттау

Дайндаған: Насиров Руслан
Қабылдаған: Гүлзат Ғабитовна

